

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін және оның нарығын дамытуды субсидиялау ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 наурыздағы N 156 Қаулысы.

"2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін және оның нарығын дамытуды субсидиялау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 14 наурыздағы
N 156 қаулысымен
бекітілген

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін және оның нарығын дамытуды субсидиялау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін және оның нарығын дамытуды субсидиялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының " 2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы ", " Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңдарына сәйкес әзірленген және агроөнеркәсіптік кешен салалары кәсіпорындарының сапа менеджментінің халықаралық стандарттарын әзірлеу, енгізу және сертификаттау жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Субсидиялау 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 006 " Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік қолдау" республикалық бюджеттік бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама) 111 "Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін және оның нарығын дамытуды субсидиялау" кіші бағдарламасы бойынша көзделген қаражат (бұдан әрі - Қаражат) есебінен жүзеге асырылады.

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

Әкімші - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

Тапсырыс беруші - халықаралық стандарттар базасындағы сапа менеджменті жүйесі әзірлеу, енгізу және сертификаттау сатысында болатын, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді жүзеге асыратын агроөнеркәсіптік кешен субъектісі болып табылатын заңды тұлға;

Консультант - осы Ережеде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін, халықаралық стандарттар базасында сапа менеджменті жүйелерін әзірлеу, енгізу және одан әрі сәйкестігін растау жөніндегі консалтингтік қызметтерді жүзеге асыратын заңды тұлға;

Халықаралық стандарт - стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым қабылдаған және тұтынушылардың көпшілігі қол жеткізе алатын стандарт;

Сәйкестікті растау жөніндегі орган - сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін белгіленген тәртіппен аккредиттелген заңды тұлға;

Сертификаттау - сәйкестікті растау жөніндегі орган өнімнің, қызметтердің белгіленген талаптарға сәйкестігін жазбаша куәландыратын рәсім.

2. Агроөнеркәсіптік кешен салалары кәсіпорындарының сапа менеджментінің халықаралық стандарттарын әзірлеу, енгізу және сертификаттау жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау тәртібі мен шарттары

4. Агроөнеркәсіптік кешен салаларының кәсіпорындары сапа менеджментінің халықаралық стандарттарын әзірлеу, енгізу және сертификаттау жөніндегі жұмыстардың құнын субсидиялау бойынша Қаражатты бөлу үшін Әкімші Тапсырыс берушілер арасында іріктеуді жүргізеді.

5. Бағдарламаны іске асыруға қатысатын Тапсырыс берушілерді іріктеуді жүргізу үшін Бағдарламаның Әкімшісі:

1) Бағдарламаны іске асыруға қатысатын Тапсырыс берушілерді іріктеу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

2) құрамында комиссия төрағасы, мүшелері және хатшысы бар Комиссияны құрады. Комиссияның сандық құрамы тақ сан болуы және бес адамнан кем болмауы тиіс;

3) облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдігінің Ауыл шаруашылығы департаменттері (басқармалары) ұсынған тізім бойынша барлық Тапсырыс берушілерге шақыру жолдайды.

6. Іріктеуге қатысуға ниет білдірген Тапсырыс берушілер Бағдарламаның Әкімшісі белгілеген нысан бойынша, Тапсырыс берушінің басшысы немесе өтінімге қол қою құқығына тиісті түрде ресімделген сенімхаты бар тұлға қол қойған, Тапсырыс берушінің мөрі басылған, жабық конвертке салынған өтінімді Комиссияға ұсынады.

7. Бағдарламаның әкімшісі Бағдарламаны іске асыруға қатысатын Тапсырыс берушілерді іріктеуді мынадай өлшемдер бойынша жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының резиденті (жарғы капиталының 51 пайызы және одан жоғары қазақстандық заңды және жеке тұлғаларға тиесілі болуы);

2) салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегінің болмауы (салық заңнамасында белгіленген нысан бойынша тиісті салық органы анықтамасының түпнұсқасымен расталады);

3) осы Ереженің талаптарына сәйкес келетін Консультантпен халықаралық сапа стандарттарының базасында менеджмент жүйелерін әзірлеу, енгізу және сәйкестігін одан әрі растауға дайындау жөніндегі консалтингтік қызметтер көрсетуге арналған шарттың болуы;

4) Консультантпен бірлесіп әзірленген техникалық тапсырманың болуы.

8. Халықаралық стандарттар базасында сапа менеджменті жүйелерін әзірлеу, енгізу және сертификаттау жөніндегі жұмыс 2006 жылғы 1 желтоқсанға дейін аяқталуы тиіс.

9. Техникалық тапсырма мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

жобаның, Тапсырыс берушінің, Консультанттың атауы;

Консультант шешуі тиіс проблеманың қысқаша сипаттамасы;

проблеманы шешуге бағытталған жобаның сипаттамасы;

жұмыстардың кезеңдері мен түрлерінің атауы;

жобаның жалпы құны;

төлем шарттары;

жоба бойынша жұмыстардың басталу және аяқталу күні.

10. Консультанттарға қойылатын талаптар:

1) Тапсырыс берушімен Шарт жасасқан күнге халықаралық стандарттар базасында сапа менеджменті жүйелерін әзірлеу, енгізу бойынша кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі;

2) кемінде екі аяқталған жобаға қатысуы;

3) штатында тиісті дипломдары, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сапа менеджменті жүйелері бойынша семинарларды, курстарды бітіргені туралы сертификаттары бар және сапа менеджменті жүйелерін әзірлеу және енгізу бойынша жұмыс тәжірибесі бар халықаралық стандарттар базасында сапа менеджменті жүйелерін әзірлеу, енгізу және сәйкестігін одан әрі растау саласындағы білікті мамандардың болуы;

4) Консультанттың соңғы жылдағы шығынсыз қызметі.

11. Іріктеуді жүргізу қорытындылары бойынша Бағдарламаның әкімшісі Бағдарламаны іске асыруға қатысатын Тапсырыс берушілердің тізбесін бекітеді.

12. Әкімші мен Тапсырыс беруші Қаражат аудару тәртібі мен шарттарын, тараптардың жауапкершілігін және өзге де шарттарды көздейтін халықаралық стандарттар базасында сапа менеджменті жүйелерін әзірлеу, енгізу және сертификаттау жөніндегі шығындардың өтемақысын төлеу туралы шарт жасасады.

13. Республикалық бюджеттен төленетін Қаражат сомасы халықаралық сапа стандарттарын әзірлеу, енгізу және сертификаттау жөніндегі жобаның барлық құнынан Тапсырыс беруші шығыны құнының 50%-ынан, бірақ бір Тапсырыс берушіге 2000000 (екі миллион) теңгеден аспайды.

14. Әкімші Тапсырыс берушінің есеп шотына шығынды өтеу сомасын Тапсырыс беруші халықаралық сапа стандарттарын әзірлеу, енгізу және сертификаттау туралы растайтын мынадай құжаттарды ұсынған кезде аударды:

1) халықаралық сапа стандарттарын әзірлеуге, енгізуге және сертификаттауға кеткен шығындарды субсидиялауға Тапсырыс берушінің өтінімі ;

2) Тапсырыс беруші мен Сәйкестікті растау жөніндегі орган арасындағы сертификаттауды жүргізу туралы шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

3) осы Ереженің талаптарына сәйкес келетін Консультантпен халықаралық стандарттар базасында менеджмент жүйелерін әзірлеу, енгізу және сәйкестігін одан әрі растауға дайындау жөнінде консалтингтік қызметтер көрсетуге арналған шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

4) Консультант пен Тапсырыс беруші қол қойған орындалған жұмыстардың актісі (консалтингтік қызметтерді қабылдау актісі);

5) Сәйкестікті растау жөніндегі орган мен Тапсырыс беруші қол қойған сертификаттау жөніндегі орындалған жұмыстардың актісі;

6) Консультант пен Сәйкестікті растау жөніндегі органның қызметтеріне Тапсырыс берушінің ақы төлегені туралы төлем тапсырмалары мен шот-фактуралардың Тапсырыс берушінің мөрі мен қолы қойылған көшірмесі;

7) сапа сертификатының нотариалды куәландырылған көшірмесі.

15. Бағдарламаның әкімшісіне кейіннен оларды Тапсырыс берушінің есеп шотына аудару үшін Қаражат бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Субсидиялар Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тапсырыс берушінің есеп шотына республикалық бюджеттен Қаражат аударуға өтінімді Тапсырыс беруші Бағдарламаның әкімшісіне ұсынған кезде төленеді.

Тапсырыс берушілерге субсидияларды төлеу үшін Бағдарламаның әкімшісі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдарына Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ведомості және төлеуге шотты ұсынады.

16. Тапсырыс берушілер Қаражатты мақсатсыз пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жауаптылықта болады.

17. Бағдарлама әкімшісі өз құзыретінің шегінде Қаражаттың тиімді, нәтижелі және мақсатты пайдаланылуы үшін жауаптылықта болады.

Тапсырыс берушінің есеп шотына республикалық
бюджеттен Қаражат аударуға

ӨТІНІМ

Күні 200_ ж. _____

Осымен Тапсырыс беруші _____, Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінен 006 "Агроөнеркәсіптік кешенді
дамытуды мемлекеттік қолдау" республикалық бюджеттік
бағдарламасының 111 "Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару
жүйелерін және оның нарығын дамытуды субсидиялау" кіші бағдарламасы
бойынша ашылған Тапсырыс берушінің N _____ шотына 200 ___ жылғы
N ___ халықаралық стандарттар базасында өнімнің сапасы мен
қауіпсіздігі менеджменті жүйелерін әзірлеу, енгізу және
сертификаттау бойынша шығындардың өтемақысын төлеу туралы Шартқа
сәйкес _____ мерзімге республикалық бюджеттен _____ теңге
сомасында қаражат аударуды сұрайды.

Тапсырыс беруші басшысы _____

Ауыл шаруашылығы өнімін
өндіруді басқару жүйелерін
және оның нарығын дамытуды
субсидиялау ережесіне
2-қосымша
"Бекітемін"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы вице-министрі
200 ___ жылғы " ___ " _____
N _____

**006 "Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік
қолдау" бағдарламасының 111 "Ауыл шаруашылығы өнімін
өндіруді басқару жүйелерін және оның нарығын дамытуды
субсидиялау" кіші бағдарламасы бойынша субсидияларды
аударуға арналған ведомость**

Тапсырыс берушінің атауы	Субсидиялауға арналған шарттардың нөмірі мен жасалған күні	Сапа менеджменті жүйелерін әзірлеу, енгізу және сертификаттау бойынша	Оның ішінде Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігінің субсидиялау	
--------------------------	--	---	---	--

		шығыстардың жалпы сомасы	жылдық сомасы	Аударуға жатады
1	2	3	4	5

Департамент директоры _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК